

«Баласымын халқымның артқан сенім»

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ақын, журналист Қырықбай Алдабергеновтің «Баласымын халқымның артқан сенім» атты шығармашылық кеші өтті. Шараға жергілікті ақын-жазушылар, ғалымдар және кеш иесінің шәкірттері қатысты.

Қырықбай Мазанұлы - отандық журналистиканың дамуына сүбелі үлес қосқан ұстаз. Саналы ғұмырын журналистикаға арнаған ғалымның шәкірттері бүгінде әр салада жемісті қызметтер атқарып жүр. Қазақ журналистикасының тарихын зерттеп, зерделеген ол мыңдаған ғылыми мақала мен монографиялардың авторы. Телевизия саласында да жемісті еңбек етті. Бүгінгі таңда С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде журналистика кафедрасының меңгерушісі. Аталмыш кафедраның ашылуына тер төккен Қырықбай Мазанұлының белсенділігін, табандылығын барша павлодарлық біледі. Сонымен қатар, оның ұлтқа, салт-дәстүрге, наным-сенімге қатысты айтылған орамды ой-пікірлері де үнемі халықтың аузында жүреді. Сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың фибратқа толы ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге екені анық.

Шарада сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Сүлеймен Баязитов ғалымның Баянауыл аудандық «Жеңіс» қазіргі «Баянтау» газетіндегі жемісті еңбек жолдарының қызықты сәттерімен бөлісті. Еңбек ардагері Оразалы Қақамбетов Қырықбай Мазанұлының ата-баба тарихын зерттеудегі айрықша үлесін атаса, ардагер-ұстаз Қайрат Әбенев кеш иесінің ақындық қыры жайлы баяндады. Ғалымның шәкірттері де сөз алып, өз өнерлерін ортаға салды.

Қазақ журналистикасының дамып, жетілуі, өркендеп, өсуі жолында тынбай қызмет атқарып жүрген Қырықбай Мазанұлына ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз.

Фархат ӘМІРЕНОВ.